

**Баланы
мақтауға
арналған
жылы сөздер**



БАЛАҒА ЖЫЛЫ СӨЗ АЙТУДЫ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫРЫҢЫЗ!

1. «Мен сені жақсы көремін»



Әрине, бұл баршамазға белгілі. Бірақ, арамызда соны біле тұра, ішінде ұстап айтпайтын немесе өте сирек айтатын адамдар көп. Бұл сөздің құдыреті күшті. Оны тек ата-анасы баласына емес, кез келген адам жақындарына жиі айту арқылы өзінің қамқорлығын, ол адамның оған қымбат екендігін білдіреді.

2. «Сенің бар болғаныңа қуаныштымыз»

Көп жағдайда ата-ана бала оны айтпай-ақ біледі деп ойлайды. Алайда дыбыстап айтсаңыз, ол баланың жанына жағып, таңғалады. «Сенің барыңа қуаныштымыз» немесе «дәл сендей баланы армандағанбыз» деген секілді сөздерді балаға күнде айтып отыру

керек. Бұл сөздерді айтқан кезде өзіңіз де шынымен бақытты екеніңізді сезінесіз. Ал бала бұл кезде осы отбасыға және өмірге кездейсоқ келмегендігіне қуанады. Бұл сөздер оған күш береді. Барлық адамда қандай бір уақытта өздеріне деген күмән туады. Ал мұндай сөздер арқылы бала өзіне сенімді бола түседі.

3. «Әлемдегі ең керемет баласың»

Қазіргі отбасыларда бала саны аз болғандықтан, ал кейбіреулерінде тіптен біреу ғана болған соң, оны еркелетіп аламыз деп көп ата-ана өз сезімдерін балаға ашық айта бермейді. Алайда, қорықпаңыз, балаға «сен әлемдегі ең сұлу баласың», «сен әлемдегі ең керемет баласың» немесе «сен әлемдегі ең мықты баласың» деген сөздерді айтып тұру керек. Егер үйде бірнеше бала болса, оларға әр уақытта жекелей немесе жалпылама түрде айтуға тырысыңыз. Мұндай сөздерді естіп өскен бала, сабырлы, сенімді әрі бақытты болады.

4. «Ең дарынды баласың»

Бала кішкентай кезінде өзінің күші шексіз деп ойлайды. Мысалы, ол көлікті итеріп жіберетіндігін, ғарышка ұшып келетіндігін немесе пойызды аударып жіберетіндігін айтуы мүмкін. Сондай сөздерді айтқанда, балаға бірден «жоқ, ол мүмкін емес» немесе «сен әлі ол үшін кішкентайсың» деген сөздер айтуға болмайды. Бала өсе келе бәрін өзі-ақ түсінеді. Бала кезінен қолдау алған ол өскенде қандай да бір істің оның қолынан келмеуі мүмкін деген ойына да келмейді.

5. «Не болғанын айтуға қорықпа»

Шынымен де, балада бірдеңе болса, ол сізге айтуға қорықпау үшін осы сөздің маңызы болады. Бұл сөзді күнде айту арқылы ол оның миына құйылып, бірдеңе болған кезде ойына әкесіне немесе анасына айта алатындығы келеді. Баладан алған ақпаратты өзіне қарсы қолданбауға тырысыңыз. Мысалы, «айттым ғой, саған» немесе «мен саған ескерттім ғой» десеніз, ол сізге екінші рет келмейді. Оның сізге келгеніне рақмет айтып, не істеуге болатындығын асықпай бірге ойтаныңыз.

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

Баланы күніне кемінде 14 рет аймалап, оны мақтап, мадақтап, оған жылы сөз айту керек. Осыған сәйкес, балабақша мен үйде балаларға айтуға тұрарлық, оларды ынталандырып, шабыттандыратын жылы-жұмсақ, мақтау мен мадақтау сөздерін келтіреміз.

- Сен менің жарық жұлдызымсың!
- Мен саған (сендерге) сенемін!
- Сен менің болашағымсың!
- Елдің азаматы бол!
- Талабыңа нұр жаусын!
- Жұлдызың жансын, құлыным!
- Менің қолқанатым!
- Алтыным!
- Құлыншағым, құлыным!
- Аспандағы жұлдызым, жердегі құндызым!
- Жаным!
- Күлімдеген күнім!
- Ақылдым!
- Тапқырым!
- Жұлдызым!
- Ботақаным!
- Балапаным!
- Күнім!
- Айым!
- Ботам, ботақаным!
- Ханшайымым!
- Жүзіңнен күлкі кетпесін!
- Сені ылғи да биіктен көремін!
- Сен бәрінен де асқаксың!

